

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 24 сәуірдегі N 464 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 15 маусым N 770. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 25 наурыздағы N 264 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасында мемлекеттік жоғары оқу орындарының студенттік контингентін қалыптастырудың жаңа моделі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 24 сәуірдегі N 464 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Кәсіпорынды қаржыландыру Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігіне 1999 жылға арналған республикалық бюджетте "Жоғары оқу орындарында республикалық деңгейде кадрлар даярлау" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылсын"; үшінші абзацтың 10-тармағы "нормативтік" деген сөзден кейін "құқықтық" деген сөзбен толықтырылсын;

аталған қаулының 1-қосымшасында:

"Пірәлиев Серік Жайлауұлы" деген жолдағы "жауапты" деген сөз алынып т а с т а л с ы н ;

аталған қаулының 2-қосымшасында:

3-тармақ "Комиссияның құрамын" деген сөздерден кейін "жыл сайын" с ө з і м е н толықтырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Комиссияның өкілеттік мерзімі Қазақстан Республикасының Үкіметіне жоғары оқу орындарына кезекті оқу жылына студенттерді қабылдаудың аяқталған қорытындылары туралы есепті ұсынғаннан кейін тәмамдалады.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі